

Басқа адамның көмегіне мұқтаж жалғыздікті мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 91 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет Департаментінде 2006 жылғы 12 мамырда N 1946 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 203 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2011.06.27 № 203 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес, облыс әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалғыздікті бірінші немесе екінші топтағы мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға үстеме ақы тағайындау жөніндегі арызы мынадай құжаттарымен қоса аудандық және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне беріледі:

1) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің (бұдан әрі - МӘС) мүгедектігін белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

2) тұрғындар есебі кітабының көшірмесі;

3) алатын мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысының мөлшеру жөнінде анықтамасы;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі;

6) банктегі салымы жөніндегі дербес есеп шотының нөмірі.

Аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі берілген арыздарды қарап, он жұмыс күні ішінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша үстемеақы тағайындау туралы шешім қабылдайды немесе тағайындаудан бас тартады.

Жалғыздікті мүгедектерге қосымша үстемеақы облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жалғыздікті мүгедектерге мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға үстемеақы облыстық мәслихаттың алдағы жылға арналған облыстық бюджет туралы шешімімен жыл сайын белгіленген мөлшерде ай сайын есептеледі.

2. Аудандық, қалалық қаржы бөлімдер жергілікті бюджетте тұрған

бюджеттік ұйымдарды қаржыландыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, табыс етілген өтінімдер мен қаржыландыру жоспарына сай басқа адамның көмегін қажет ететін жалғыздікті мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысына қосымша үстемеақы төлеуге ай сайын қаражат бөледі.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша үстемеақыны төлеуді аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің тізімдеріне сәйкес, алушының жеке басын куәландыратын құжаттарын табыс етуі жағдайында, сондай-ақ заңнамамен белгіленген тәртіпте ресімделген сенімхат бойынша екінші деңгейдегі банкілері немесе Қазпошта филиалдары жүргізеді.

Банкілердің аудандық, қалалық филиалдарымен төленетін айдан кейінгі айдың 5-не дейін тиісті үлгі бойынша жалғыздікті мүгедектерге төленген сома туралы мәліметтер аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне табыс етіледі, олар оны облыстық қаржы департаментіне облыс бойынша жиынтық есеп беру үшін Маңғыстау облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне жібереді.

Жергілікті жерде жалғыздікті мүгедектерге мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша үстемеақының төленген сомасының есебін жүргізу, оның есептілігін бақылау аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жүктеледі.

Жалғыздікті мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысына қосымша үстемеақының ай сайын дұрыс тағайындалуына бақылау жасауды Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті жүзеге асырады.

3. Мыналардың күштері жойылды деп танылсын:

1) Маңғыстау облысы әкімиятының "Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, Чернобыль АЭС-інің мүгедектерін және басқа адамның көмегіне мұқтаж жалғыздікті мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" (облыстық әділет басқармасында 2002 жылғы 3 сәуірде N 792 болып тіркелген) 2002 жылғы 5 наурыздағы N 36 қаулысының;

2) Маңғыстау облысы әкімиятының "Маңғыстау облысы әкімиятының "Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, Чернобыль АЭС-інің мүгедектерін және басқа адамның көмегіне мұқтаж жалғыздікті мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2002 жылғы 5 наурыздағы N 36 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 23 мамырда N 1462 болып тіркелген) 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 85 қаулысының.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау облыс әкімінің орынбасары

М. М. Әбдірахмановқа

жүктелсін.

5. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК